

Маңғыстау облысында тауарлық газын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 04 тамыздағы № 235 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 қыркүйекте № 2823 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Газ және газбен жабдықтау туралы» 2012 жылғы 9 қаңтардағы, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес облыс әкімдігі

Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Маңғыстау облысында тауарлық газын тұтыну нормалары бекітілсін.

2. «Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі (С.Х. Аманбеков) осы қаулының «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, Маңғыстау облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналасуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С. Алдашевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің
міндетін атқарушы *С. Алдашев*

« К Е Л І С І Л Д І »
«Маңғыстау облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы
С . Х . А м а н б е к о в

04 тамыз 2015 жыл.

Маңғыстау облысы әкімдігінің
2015 жылғы 04 тамыз
№ 235 қаулысына
қосымша

Маңғыстау облысында тауарлық газын тұтыну нормалары

№	Тауарлық газын тұтыну сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Айлық тұтыну нормасы (м ³)
1.	Пәтерде газ плитасы және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болған жағдайда	1 адамға	10,27
2.	Пәтерде газ плитасы және газбен су қыздырғыш болған жағдайда (орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болмаған жағдайда)	1 адамға	25,05
3.	Пәтерде газ плитасы болған жағдайда, орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау және газбен су қыздырғыш болмаған жағдайда	1 адамға	15,03
4.	Жеке тұрғын үйлерді жылыту	1 м ² жылыту алаңына (жылыту кезеңінде)	9,9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК